

Ғылыми жетекшінің пікірі

Дипломдық жоба

(жұмыс түрінің атауы)

Марысов Бекарыс Бауржанұлы

(білім алушының Т.А.Ә.)

5B0080500 – Су ресурстары және суды қолдану

(мамандық атауы мен шифрі)

Тақырыбы: Алматы облысы Жамбыл ауданындағы Аққайнар елді мекенінің сумен жабдықтау жүйесі үшін жер асты су алу ғимаратын жобалау.

Марысов Бекарыстың дипломдық жобасы Аққайнар елді мекенді сумен қамтамасыз ету үшін су алу ғимаратын жобалау шараларына арналған. Дипломдық жобаны орындау барысында Жобалау ауданының табиғи-климаттық сипаттамасы, су көзінің, яғни жер асты суы бойынша гидрогеологиялық жағдайы және жобалау аймағының геологиялық жағдайы қарастырылған, елді мекен үшін есептік су шығыны анықталған, сонымен қатар су алу ғимараттары есептелініп, олардың конструкциялық мәндері анықталған.

Сонымен қатар, суаттарды қорғау шаралары қамтылып, санитарлы қорғау аймағы қарастырылған.

Техникалық-экономикалық көрсеткіштер бөлімінде жобаланған ғимараттарды қолдану нәтижесінде технологиялық ғимараттар тізбегін салыстырылып және жобадағы варианттың техника-экономикалық тиімділігі анықталған.


Дипломдық жобаны жасау барысында дипломшы өзінің теориялық білімінің жоғары екенін, қажетті нормативтік құжаттармен жұмыс істей алатынын көрсетті.

Сонымен, Марысов Бекарыстың дипломдық жобасы «Су ресурстары және суды қолдану» мамандығы бойынша дипломдық жобаларға қойылатын талаптарға жауап бере алады және дипломшы осы мамандық бойынша бакалавр атағына лайық, деп есептеймін. Дипломдық жобаны 90% (Өте жақсы) бағалаймын.

Ғылыми жетекші

техн.ғылым.канд., профессор

(қызметі, ғыл. дәрежесі, атағы)



Оспанов Қ.Т.

(қолы)

«26» Маусым 20__ ж.

Дата

Подпись заведующего кафедрой /
начальника структурного подразделения

Окончательное решение в отношении допуска к защите, включая обоснование:

Допущен к защите

06.05.2022

Дата

Подпись заведующего кафедрой /
начальника структурного подразделения

Протокол анализа Отчета подобия Научным руководителем

Заявляю, что я ознакомился(-ась) с Полным отчетом подобия, который был сгенерирован Системой выявления и предотвращения плагиата в отношении работы: **Автор:** Марысов Бекарыс

Название: А айнар елді мекеніні сумен жабды тау ж йесі шін жер асты су алу гимаратын жобалау.docx

Координатор: Кайрат Оспанов

Коэффициент подобия 1:8.7

Коэффициент подобия 2:2

Замена букв:48

Интервалы:0

Микропробелы:0

Белые знаки: 0

После анализа Отчета подобия констатирую следующее:

☒ обнаруженные в работе заимствования являются добросовестными и не обладают признаками плагиата. В связи с чем, признаю работу самостоятельной и допускаю ее к защите;

☐ обнаруженные в работе заимствования не обладают признаками плагиата, но их чрезмерное количество вызывает сомнения в отношении ценности работы по существу и отсутствием самостоятельности ее автора. В связи с чем, работа должна быть вновь отредактирована с целью ограничения заимствований;

☐ обнаруженные в работе заимствования являются недобросовестными и обладают признаками плагиата, или в ней содержатся преднамеренные искажения текста, указывающие на попытки сокрытия недобросовестных заимствований. В связи с чем, не допускаю работу к защите.

Обоснование:

Тексерілген жұмыстағы басқа көздерден алынған материалдардың мөлшері талапқа сай көрсеткіштен аспайды, сондықтан плагиат есебіне жатпайды.

31.05.2021 г.

Дата



Подпись Научного руководителя

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.Қ.Бәсенов атындағы сәулет және құрылыс институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

Марысов Бекарыс Бауржанұлы

«Алматы облысы Жамбыл ауданындағы Аққайнар елді мекенінің сумен жабдықтау жүйесі үшін жер асты су алу ғимаратын жобалау»

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

5B080500 – «Су ресурстары және суды пайдалану»

Алматы 2021

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.Қ.Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

ИЖж/ӨЖ кафедра меңгерушісі

техн.ғыл.канд., ассоц.проф.

 К.К.Алимова

«07» 06 2021 ж.

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА


Тақырыбы: «Алматы облысы Жамбыл ауданындағы Аққайнар елді мекенінің
сумен жабдықтау жүйесі үшін жер асты су алу ғимаратын
жобалау»

Мамандығы: 5B080500 – Су ресурстары және суды пайдалану

Орындаған

Марысов Б.Б.

Ғылыми жетекші,
техн.ғылым.канд., профессор



Оспанов Қ.Т.


«06» маусым 2021 ж.

Алматы 2021

Дипломдық жобаны дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлім атаулары, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Негізгі бөлім	16.03.21 ж.- 13.04.21 ж.	
Су шаруашылығы бөлімі	13.04.21 ж.- 27.04.21 ж.	
Экономикалық талдау бөлімі	27.04.21 ж.- 09.05.21 ж.	

Дипломдық жоба бөлімдерінің кеңесшілері мен
норма бақылаушының аяқталған жобаға қойған
қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күн	Қолы
Су шаруашылығы бөлімі	Қ.Т.Оспанов техн.ғыл.канд., профессор	27.04.21	
Экономикалық талдау бөлімі	Қ.Т.Оспанов техн.ғыл.канд., профессор	09.05.21	
Норма бақылау	Э.М.Кульдеева, PhD докторы, лектор	07.06.21	

Жетекші



Қ.Т.Оспанов

Тапсырманы орындауға алған білім алушы



Б.Б. Марысов

Күні

“ 07 06 ” 2021 ж

АНДАТПА

Бұл дипломдық жобада елдімекеннің гидрогеологиялық, геологиялық жағдайлары берілген. Қажетті су мөлшері анықтап, елді мекенінің сумен жабдықтау жүйесі жобаланды. Сонымен қатар есептік су шығындары анықталып, су алу ғимаратының ұңғымалық есебі, бірінші көтеру сорап бекеті, суды зарасыздандыру қондырғысы есептелінді.

Жобаның басты мақсаты мемлекеттің су саясатының даму мақсатындағы ауыл тұрғындарының санитарлық нормаға сәйкес және сапалы жер асты суымен қамтамасыз ету.

АННОТАЦИЯ

В данном дипломном проекте представлены гидрогеологические, геологические условия населенного пункта. Определено необходимое количество воды, запроектирована система водоснабжения населенного пункта. Также были определены расчетные потери воды, рассчитан скважинный расчет водозаборного сооружения, насосного поста первого подъема, установки обеззараживания воды.

Главной целью проекта является обеспечение сельских жителей качественной и соответствующей санитарным нормам подземной водой в целях развития водной политики государства.

ABSTRACT

This diploma project presents the hydrogeological and geological conditions of the locality. The required amount of water was determined, and the water supply system of the locality was designed. The calculated water losses were also determined, the well calculation of the water intake structure, the pumping station of the first lift, and the water disinfection unit were calculated.

The main goal of the project is to provide rural residents with high-quality and sanitary underground water in order to develop the state's water policy.

МАЗМҰНЫ

	7
1 Негізгі бөлім	8
1.1 Жобалау аймағы туралы жалпы мәлімет	8
1.2 Судың есептік шығындарын анықтау	10
1.3 Су алу ғимаратының ұңғымалық есебі	15
1.4 Ұңғыма санын табу	18
1.5 Сүзгіні есептеу	20
1.6 Құрама су таратқыштарды жобалау	21
1.7 Сорап құрылғыны таңдау	22
1.8 Санитарлық қорғау аймағы	24
1.9 Хлорлау қондырғысын есептеу	25
1.10 Таза су резервуарын есептеу	26
2 Су шаруашылығы бөлімі	28
2.1 Гидродинамикалық әдіспен пайдалану қорларын бағалау	28
2.2 Пайдалану қорларын бағалау гидравликалық және баланстық	
әдіс	29
3 Экономикалық талдау бөлімі	31
ПАЙДАЛЫНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	37
ҚОСЫМША	38

КІРІСПЕ

Қазіргі уақытта тек елімізде ғана емес, жалпы әлемде болып жатқан эпидемиологиялық жағдайға байланысты. Халықтың денсаулығын сақтау бірінші орынға шығып отыр. Әрине бұл күнге дейін халық денсаулығын сақтау мен нығайту әрқашан өзекті мәселе болып табылатын. Өздеріңіз біліп отырғандай, инфекциямен күрес әлемдік деңгейге көтеріліп отыр. Айта кету керек, кәзіргі таңда бұл дертке медициналық шешімдер жок емес, бар. Тығырықтан шығу үшін бірінші кезде неше түрлі алдын алу шаралары қолданылған. Мысалға, басқа адамдардан қашықтықты сақтау, қоғамдық орындарда қорғаныс маскасын кию. Айта кету керек әртүрлі зерттеулерге сәйкес қолды үнемі жуу инфекциямен күрес тиімділігін растайды. Бұл зерттеулерге сәйкес бір адам күніне орта есеппен бес рет қолды жуады.

Алдағы уақытта вакцина салдырту әр адамның жеке таңдауы болса. Ал қолды үнемі жуу күнделікті тұрмыс болып қалмақ. Осындай кішігірім іс әрекеттер қолданатын тұрмыстық ауыз су маңыздылығын қайта еселеп, ауыз су маңыздылығын есімізге қайта салмақ.

Мемлекеттің саясатында бүгінгі уақытта дейін су шаруашылығы саласында қолданып келе жатқан белгілі талаптар әр бір елді мекенде орындалуы тиіс. Бұл дипломдық жобада Алматы облысы, Жамбыл ауданындағы Аққайнар кентіндегі ауыз сумен қамтамасыз ету қарастырылады. Ол үшін су ресурстарының сарқылуын болдыртпау, халықты сапалы яғни барлық ауыз су нормаларына сәйкес тұрмыстық ауыз сумен қамтамасыз ету, су беру жүйесін ретке келтіру деген сияқты бірнеше нормаларменен талаптар орындалу қажет. Барлық осы аталып кеткен талаптар орындалу мақсатында осы дипломдық жобада елді мекен тұрғындарын сумен қамтамасыз ету және сумен жабдықтау жөнінде атқарылатын әртүрлі жұмыстардың жиыны жазылған.

1 Негізгі бөлім

1.1 Жобалау аймағы туралы жалпы мәлімет.

Дипломдық жобаға Алматы облысы Жамбыл ауданы Аққайнар елді мекенінің сумен жабдықтау жүйелері үшін су алу ғимаратын жобалау алынды. Негізі Аққайнар елді мекені 1993 жылға дейін “Прудки” деп аталып келді. Ауылды мекен Алматы қаласының оңтүстік батыс аймағыда, жетпіс шақырымды ұзақтықта орналасқан. Аққайнар елдімекені Алматы облысы Жамбыл ауданына қарасты. Ал аудан орталығы Ұзын-ағаш ауылы. Ауыл негізінен үлкен жол бойында орналасқан, осыған байланысты басты ғимараттар ауыл ортасында орналасқан. Бұл елді мекенің халық саны 2754 (екі мың жеті жүз елу төрт) адам. Мекен тұрғындары егін шаруашылығымен айналысады. Ауылдың жалпы ауданы 2,83 км² құрайды.

Ауа-райы. Елді мекеннің геологиялық және атмосфералық көрсеткіштеріне байланысты, континенталды, орташа ылғалдылығы бір қалыпты. Қыс уақытында, яғни Қаңтар айының орта ауа температурасы минус 8°C болады. Ал жаз айының орта ауа температурасы плюс 20°C. Жауын-шашынның орташа жылдық мөлшері 200 мм-ден, 300 мм-ге дейінгі аралықта.

Литологиялық-стратиграфиялық сипаттамасы. Жамбыл ауданының геологиялық құрылымында жоғарғы палеозой дәуірінің эффузивті-шөгінді және интрузивті жыныстарынан құралған. Палеозой жыныстары сирек кездеседі, бірнеше шөгінділер триас, пермь және ішінара жоғарғы карбонның вулканогендік және шөгінді жыныстарымен ұсынылған. Көп жағдайда олар жас борпылдақ шөгінділердің астына көмілген.

Ауданының геологиялық құрылымы мен құрамы бойынша құрылымдық-фациалдық аймақтардың бірін құрайды. Девонның шөгінділері жоқ, ал жас жоғарғы палеозой түзілімдері силурдың бөлінген жыныстарында және, мүмкін, прекамбрияда, палеозой антиклинальды қатпарлы кешенінде жоғарғы палеозой қабатының құрылымдық элементтерін құрайды. Бірқатар жерлерде палеозой жыныстарының тектоникалық бұзылыстары байқалады, бұл көрші құрылымдардан келетін ақаулардың жалғасуын білдіреді. Мезозой (жоғарғы бор) және кайнозой (миоцен және орта-жоғарғы плиоцен) шөгінділері негізінен палеозойлық негізде көлденең бөлінбейді немесе олардың құлауы базаның көлбеуіне сәйкес келеді. Олардың пайда болу тұтастығының бұзылуы тек тектоникалық жарықтар аймағында байқалады.

Гидрогеологиялық сипаттамасы. Әдістемеде қабылданған принциптерді ескере отырып, әртүрлі жылдардағы гидрогеологиялық түсірілім материалдарын жалпылау негізінде аумақтың гидрогеологиялық картасы жасалды, онда су сыйымды жыныстардың пайда болу жағдайларына, жасына, литологиялық құрамына және құрылымдық-геоморфологиялық ерекшеліктеріне сәйкес келесі негізгі сулы қабаттар мен кешендер анықталды. Берілген аумақта жер асты суларының жергілікті қоректенуінің және жергілікті жер асты ағыны бар. Жауын-шашынның инфильтрациясы нәтижесінде пайда

болған жер асты ағындарында тұщы су бар, олар көлбеу бөлігінде және төбеаралық төмендеулерде аздап тұзды және кейде тұзды болады. Жергілікті коректену сулы жыныстардың табиғи жабдықталуының кішігірім биік аудандарында түсетін атмосфералық жауын-шашынның инфильтрациясына, сондай-ақ орлардың таяз желісі арқылы уақытша жұмыс істейтін беткі ағындардың суларының инфильтрациясына байланысты болады.

Сулы қабаттың тереңдігі 0-ден 2,4 м-ге дейін, сирек 3-3,5 м-ге дейін. Су сыйымдылығы су қаныққан жыныстардың механикалық құрамына байланысты: қиыршық тастарда ол 1,5-1,6 л/с, ал сазды құмдар мен құмдақтарда 0,3-0,5 л/с. сүзу коэффициенттері тәулігіне 1,7-ден 12,3 м-ге дейін өзгереді. Жер асты суларының химиялық құрамы мен минералдану дәрежесі әр түрлі, бұл ең төменгі және өзен аңғарларының орналасуымен түсіндіріледі. Әдетте суы тұщы, сульфатты-гидрокарбонатты натрий-кальцийлі. Минералдануы 0,6-1 г/л, бірақ минералдануы 2 г/л дейінгі сулар кездеседі. жалпы минералдану өзен арналарынан алқаптардың бүйірлеріне дейін артады, ал судың құрамы айтарлықтай өзгерістерге ұшырамайды. Қазіргі аллювиалды шөгінділердің сулы қабаты (аQIV).

Жер асты сулары ағынының қозғалысы, онымен гидравликалық байланысты жер үсті ағындары сияқты, эрозияның жергілікті негіздерінің орналасуына байланысты және ауданның оңтүстіктен солтүстікке гидрографиялық желісінің дамуына сәйкес бағытталған. Жер асты суларының қозғалысы өзен аңғарларында ағынның пайда болуымен байланысты, оның бағыты су өткізгіштің жалпы көлбеуімен анықталады және тұтастай алғанда жер үсті су ағындарының ағу бағытымен сәйкес келеді.

Жоғарыда айтылғандай, атмосфералық жауын-шашын жер асты суларының негізгі көзі ретінде танылады. Алайда, бұл коректенудің сандық жағы әлі де айқын емес. Гидрогеологиялық зерттеу көрсеткендей, жергілікті коректену алаңы шегінде инфильтрацияға жылына 2 менен 10 пайыздан аспайды, яғни 1,5-8 мм. Негізгі коректену саласында жазғы жауын-шашын да жер асты суларын толтыруға қатысады. Режимдік бақылау деректері бойынша алынған инфильтрациялық коректену шамасы су-балансты зерттеулермен жақсы үйлеседі, ол өз кезегінде 11-18 мм құрайды.

Аудан аумағында жер асты суларының пайда болу жағдайларын анықтайтын негізгі табиғи факторларды талдау жалпы физикалық-географиялық жағдайлар, геологиялық құрылым және ауданның тектоникалық ерекшеліктері жер асты суларының маңызды ресурстарын қалыптастыру үшін қолайсыз деп қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Атмосфералық жауын-шашынның аз мөлшері және уақыт бойынша біркелкі бөлінбеуі, сондай-ақ булану процестерінің жеделдеуіне әкелетін қарқынды жел қызметі жауын-шашынның көп бөлігі булануға, жер үсті ағынына және транспирацияға жұмсалады, ал олардың аз ғана бөлігі көктемгі қар еру кезеңінде жер асты суларының қорын толықтыруға жұмсалады. Соңғы тектоника мен эрозияның жергілікті негіздерінің жақындығына байланысты учаскенің жалпы биіктігі рельефтің үлкен бөлінуі оның борпылдақ шөгінділерінің терең сінуіне ықпал

етеді, ал рельефтің айналадағы аңғарлардан жоғары гипсометриялық орналасуы оның жер асты суларының қоректенуі мен транзитінің кең аймақтарынан оқшаулануына әкелді. Жекелеген геологиялық горизонттардың литологиялық құрамы мен қуатының күрт өзгермеуі, геологиялық қимада әлсіз өткізгіш жыныстардың басым болуы жер асты суларын жинауға, айналдыруға және түсіруге және тұрақты тұрақты сулы горизонттардың қалыптасуына қолайсыз жағдай туғызады. Мұның бәрі аумақтың көп бөлігінде судың едәуір массаларының жиналу процесін қиындатады және олардың бүкіл үстірт бойынша біркелкі бөлінбеуін тудырады.

Жалпы айта кетсек, Алматы облысының Жамбыл ауданы-Қазақстанның экономикалық жағынан перспективалы аудандарының бірі. Бұл ауданда 61 елді мекен яғни 24 ауылдық округтер бар. Осы елді мекендердің өнеркәсіптік және ауылшаруашылық дамуы осы аумақтағы барлық елді мекендерді ауыз сумен қамтамасыз ету мәселесін шешуді талап етеді. Дәл осындай мәселе Аққайнар ауылдық округінде туындап отыр. Бұған себеп ауыл маңайындағы шаруашылыққа арналған жерлердің игерілуі көрсеткіші. Аймақтың табиғи жағдайы, яғни фаунасы орманды алқаптардың болмауына карамастан, жақсы. Елді мекеннің ауыз сумен қамтамасыз ету мәселесін шешу үшін жер үсті суының ресурстары өте шектеулі, ал өз кезегінде жер асты суларының рөлі өте маңызды болып табылады.

1.2 Судың есептік шығындарын анықтау.

Алматы облысының қарқынды дамып келе жатқанын ескерсек, яғни Аққайнар елді мекеннің халық санының ұлғаю мүмкіндігі бар. Ол өз кезегінде су тұтыну перспективасының өсуіне алып келеді. Сондықтан қажетті су мөлшерін есептеу үшін тұрғындар санын 20 пайызға арттырамыз. Бүгінгі таңда ауыл тұрғындарының саны 2754 адам, егер осы санды 20 пайызға арттырсак келешекте тұрғындар саны 3305 -ті құрайтын болмақ.

Соның ішінде: Балабақшада 210 бала бар.

Емдеу орны 135 орынды.

Мектептерте 200 оқушы бар.

Моншаға орта есеппен 150 келуші бар.

1.2.1 $Q_{(тәулік.орт.)}$ судың есептелген тәуліктік шығынын анықтаймыз.

Шаруашылық-ауыз су қажеттілігі мына формула бойынша:

$$Q_{(тәулік.орт.)} = \frac{q \cdot N}{1000} = \frac{120 \cdot 3305}{1000} = 396.6 \frac{м^3}{тәул}, \quad (1.1)$$

мұндағы $Q_{(тәулік.орт.)}$ -судың есептік орташа тәуліктік шығыны, м³ / тәул.;

q-меншікті су тұтыну (1 адамға арналған орташа тәуліктік су тұтыну мөлшері);

Қазақстан Республикасының құрлыстық нормалары және ережелеріне (ҚНЖЕ 4.01.02-2009) сәйкес су тұтыну нормалары қабылданды.

Максималды тәуліктік су шығынын анықтау.

$$Q_{\text{макс.тәу}} = K_{\text{макс.тәу}} \cdot Q_{\text{тәулік орт.}} = 1.3 \cdot 396.6 = 515.58 \frac{\text{м}^3}{\text{тәу}}, \quad (1.2)$$

мұндағы $K_{\text{макс. тәу.}}$ - тәуліктік максималды коэффициенті ;

$Q_{(\text{тәулік.орт.})}$ -судың есептік орташа тәуліктік шығыны, $\text{м}^3/\text{тәул.}$

Минемалды тәуліктік су шығынын анықтау.

$$Q_{\text{мин.тәу}} = K_{\text{мин.тәу}} \cdot Q_{\text{тәулік орт.}} = 0.7 \cdot 396.6 = 277.62 \frac{\text{м}^3}{\text{тәу}}, \quad (1.3)$$

мұндағы $K_{\text{мин. тәу.}}$ -тәуліктік минемалды коэффициенті ;

$Q_{(\text{тәулік.орт.})}$ -судың есептік орташа тәуліктік шығыны, $\text{м}^3 / \text{тәул.}$

1.2.2 Сағаттық максимал және минемалды су шығынын анықтау

Сағаттық максимал су шығын формуласы:

$$Q_{\text{макс.сағ.}} = \frac{(K_{\text{макс.сағ.}} \cdot Q_{\text{макс.тәу.}})}{24} = \frac{1.68 \cdot 515.58}{24} = 36.09 \frac{\text{м}^3}{\text{сағ}}, \quad (1.4)$$

$$Q_{\text{мин.сағ.}} = \frac{(K_{\text{сағ min}} \cdot Q_{\text{мин.тәу.}})}{24} = \frac{0.3 \cdot 277.62}{24} = 3.47 \frac{\text{м}^3}{\text{сағ}}, \quad (1.5)$$

мұндағы $K_{\text{макс. сағ.}}$ - сағат бойынша біркелкі еместік максималды коэффициенті;

$K_{\text{мин. сағ.}}$ - сағат бойынша біркелкі еместік минемалды коэффициенті;

$Q_{\text{макс.тәу.}}$ - максималды тәуліктік су шығыны;

$Q_{\text{мин.тәу.}}$ - минемалды тәуліктік су шығыны.

Сағат бойынша біркелкі еместік коэффициентін табу үшін:

$$K_{\text{сағ max}} = \alpha_{\text{max}} \cdot \beta_{\text{max}} = 1.2 \cdot 1.5 = 1.8, \quad (1.6)$$

мұндағы Тұрғын уйдің абаттандыру дәрежесінің коэффициенті α_{max} 1,2-ге тең, α_{min} 0,6-ге тең;

Тұрғындар санын ескеретін коэффициент (β_{max} , β_{min}) (А қосымшасында 2-ші кестеде берілген).

N- елдімекен тұрғындарының есептік саны, N 3305 адам тең.

1.2.3 Балабақшадағы ($Q_{\text{(тәулік.орт.)}}^{\text{Балабақша}}$) судың есептелген тәуліктік шығынын анықтаймыз.

Балабақша қажеттілігіне арналған су мөлшері мына формула бойынша:

$$Q_{\text{(тәулік.орт.)}}^{\text{Балабақша}} = \frac{q \cdot N}{1000} = \frac{55 \cdot 210}{1000} = 11.55 \frac{\text{м}^3}{\text{тәул}}, \quad (1.7)$$

мұндағы $Q_{\text{(тәулік.орт.)}}^{\text{Балабақша}}$ – балабақшаның есептік орташа тәуліктік су шығыны, $\text{м}^3 / \text{тәул.}$;

q -меншікті су тұтыну (1 балаға арналған орташа тәуліктік су тұтыну мөлшері);

N -балабақшадағы бала саны, 210 бала бар.

Қазақстан Республикасының құрлыстық нормалары және ережелеріне (ҚНЖЕ 4.01.02-2009) сәйкес су тұтыну нормалары қабылданды.

1.2.4 Емдеу орнының ($Q_{\text{(тәулік.орт.)}}^{\text{емдеу орны}}$) суының есептелген тәуліктік шығынын анықтаймыз.

Емдеу орнының қажеттілігіне арналған су мөлшері мына формула бойынша:

$$Q_{\text{(тәулік.орт.)}}^{\text{Емдеу орны}} = \frac{q \cdot N}{1000} = \frac{240 \cdot 135}{1000} = 32.4 \frac{\text{м}^3}{\text{тәул}}, \quad (1.8)$$

мұндағы $Q_{\text{(тәулік.орт.)}}^{\text{емдеу орны}}$ – Емхананың есептік орташа тәуліктік су шығыны, $\text{м}^3 / \text{тәул.}$;

q -меншікті су тұтыну (1 емделушіге арналған орташа тәуліктік су тұтыну мөлшері);

N -емделушілер саны 135 адам бар.

Қазақстан Республикасының құрлыстық нормалары және ережелеріне (ҚНЖЕ 4.01.02-2009) сәйкес су тұтыну нормалары қабылданды.

1.2.5 Мектепке ($Q_{\text{(тәулік.орт.)}}^{\text{мектеп}}$) есептелген тәуліктік су шығынын анықтаймыз.

Мектеп қажеттілігіне арналған су мөлшері мына формула бойынша:

$$Q_{\text{(тәулік.орт.)}}^{\text{Мектеп}} = \frac{q \cdot N}{1000} = \frac{20 \cdot 200}{1000} = 4 \frac{\text{м}^3}{\text{тәул}}, \quad (1.9)$$

мұндағы $Q_{\text{(тәулік.орт.)}}^{\text{мектеп}}$ – Мектептің есептік орташа тәуліктік су шығыны, $\text{м}^3 / \text{тәул.}$;

q -меншікті су тұтыну (1 оқушыға арналған орташа тәуліктік су тұтыну мөлшері);

N -оқушы саны 200 оқушы.

Қазақстан Республикасының құрлыстық нормалары және ережелеріне (ҚНЖЕ 4.01.02-2009) сәйкес су тұтыну нормалары қабылданды.

1.2.6 Монша ($Q_{\text{монша}}^{(\text{тәулік.орт.})}$) суының есептелген тәуліктік шығынын анықтаймыз.

Моншаға қажетті су мөлшерін мына формула бойынша:

$$Q_{\text{монша}}^{(\text{тәулік.орт.})} = \frac{q \cdot N}{1000} = \frac{180 \cdot 150}{1000} = 27 \frac{\text{м}^3}{\text{тәул}}, \quad (1.10)$$

мұндағы $Q_{\text{монша}}^{(\text{тәулік.орт.})}$ - судың есептік орташа тәуліктік шығыны, $\text{м}^3/\text{тәул.}$;
q-меншікті су тұтыну (1 тұтынушыға арналған орташа тәуліктік су тұтыну мөлшері);

N- келушілер орта саны 150 адам.

Қазақстан Республикасының құрлыстық нормалары және ережелеріне (ҚНЖЕ 4.01.02-2009) сәйкес су тұтыну нормалары қабылданды.

1.3 Су алу ғимаратының ұңғымалық есебі.

Аққайнар елді мекенінде бұрғыланған барлау ұңғымасының мәліметтері:

- a) Сулы горизонттың су деңгейінің төмендеуі, S - 6,1 м
- b) Жер қыртысының жалпы қуаттылығы, m 21,3м
- c) Фильтрация коэффициенті, K_{ϕ} 80 м/тәу
- d) Статикалық деңгейдің белгісі, 5,8 м
- e) Деңгейді төмендету, 9,2 м
- f) Ұңғымалар орналасқан абсолюттік белгісі, 2,9м
- g) Сулы жыныс бөлшектерінің өлшемдері - d_{10} 0,7 мм, d_{50} 1,8мм, d_{60} 2,1мм.

1.3.1 Бірлік ұңғыманың дебиттің және шекті төмендеуін анықтау.

Бірінші сулы горизонт үшін арынды сулы кабаттан су алу ұңғымасының дебиті мына формуламен анықталады.

$$q = 2,73 \cdot K_{\phi} \cdot \frac{m \cdot S}{lg \frac{R}{r}} = 2,73 \cdot 80 \cdot \frac{21,3 \cdot 6,1}{lg \frac{13225,97}{0,1}} = 5542,32 \frac{\text{м}^3}{\text{тәу}}, \quad (1.11)$$

мұндағы S - су деңгейінің төмендеуі;

m- сулы қабаттың қуаттылығы, м;

K_{ϕ} - сүзілу коэффициенті, м/тәу ;

R – депрессиондық түтіктің радиусы, м;

r- ұңғыма радиусы, м.

1.3.2 Депрессиондық түтіктің радиусы мына формула бойынша.

$$R = 1,5 \cdot \sqrt{at} = 1,5 \cdot \sqrt{8520 \cdot 25 \cdot 365} = 13225,97\text{м}, \quad (1.12)$$

мұндағы a - пьезоөткізгіштік коэффициенті, $\text{м}^2/\text{тәу}$;
 t - ұңғыманың пайдалану ұзақтылығы 25 жыл.

1.3.3 Пьезоөткізгіштік коэффициентін табу үшін.

$$a = K_{\phi} \cdot \frac{m}{\mu} = 80 \cdot \frac{21,3}{0,2} = 8520, \quad (1.13)$$

мұндағы K_{ϕ} - сүзілу коэффициенті, $\text{м}/\text{тәу}$;
 μ - су беру көрсеткіші.

1.3.4 Екінші сулы горизонт үшін арынды сулы қабаттан су алу ұңғымасының дебиті мына формуламен анықталады.

$$q = 2,73 \cdot K_{\phi} \cdot \frac{m \cdot S}{lg \frac{R}{r}} = 2,73 \cdot 8 \cdot \frac{19,4 \cdot 6,1}{lg \frac{4609,05}{0,1}} = 554.266 \frac{\text{м}^3}{\text{тәу}}, \quad (1.14)$$

мұндағы S - су деңгейінің төмендеуі, 6,1м;
 m - сулы қабаттың қуаттылығы, 19,4 м;
 K_{ϕ} - сүзілу коэффициенті, 8 м/тәу ;
 R – депрессиондық түтіктің радиусы, м;
 r - ұңғыма радиусы, м.

1.3.5 Депрессиондық түтіктің радиусы мына формула бойынша.

$$R = 1,5 \cdot \sqrt{at} = 1,5 \cdot \sqrt{1034,7 \cdot 25 \cdot 365} = 4609,05\text{м}, \quad (1.15)$$

мұндағы a - пьезоөткізгіштік коэффициенті, $\text{м}^2/\text{тәу}$;
 t - ұңғыманың пайдалану ұзақтылығы 25 жыл.

1.3.6 Пьезоөткізгіштік коэффициентін табу үшін.

$$a = K_{\phi} \cdot \frac{m}{\mu} = 8 \cdot \frac{19,4}{0,15} = 1034,7, \quad (1.16)$$

мұндағы K_{ϕ} - сүзілу коэффициенті, $\text{м}/\text{тәу}$;
 μ - су беру көрсеткіші.

1.4 Ұңғыма санын табу.

Ұңғыма санын табу үшін мына формула қолданылады.

$$n = \frac{Q_{\text{тр}}}{q} = \frac{471,421}{554.266} = 0,85 \approx 1 \text{ ұңғ.} , \quad (1.17)$$

мұндағы $Q_{\text{тр}}$ – суға қажеттілік, $\text{м}^3/\text{тәу}$;

q – ұңғыма дебиті, $\text{м}^3/\text{тәу}$.

Табылған n мәні үлкен жағына n' бүтін санына дейін өзгертіледі.

Ұңғымалардың жалпы саны мынаған тең болады:

$$N = n' + n_{\text{рез}} = 1 + 1 = 2 , \quad (1.18)$$

мұндағы $n_{\text{рез}}$ - резервты ұңғыма саны.

N' ұңғымаларының саны қабылданған кезінде олардың әрқайсысының дебиті.

$$Q_{\text{ұңғ.}} = \frac{Q_{\text{тр}}}{q} = \frac{471,421}{1} = 471,421 \frac{\text{м}^3}{\text{тәу}}. \quad (1.19)$$

Есептік төмендетуді анықтау үшін ұңғыманың есептік дебитінен басқа меншікті дебитті де білу қажет.

1.4.1 Ұңғыманың меншікті дебиті мына формула бойынша анықталады:

$$q_{\text{мен}} = \frac{q}{S} = \frac{554.266}{6,1} = 90.86 \frac{\text{м}^3}{\text{тәу}} \text{ бір метрге.} , \quad (1.20)$$

мұндағы q – ұңғыма дебиті, $\text{м}^3/\text{тәу}$;

S – Су деңгейінің төмендеуі, м.

1.4.2 $q_{\text{мен}}$ меншікті дебитіменен және q ұңғыманың дебиті бойынша $S_{\text{т}}$ есептік төмендеуі анықталады:

$$S_{\text{расч}} = \frac{q}{q_{\text{мен}}} = \frac{554.266}{90.86} = 6,1 \text{ м} , \quad (1.21)$$

мұндағы q – ұңғыма дебиті, $\text{м}^3/\text{тәу}$;

$q_{\text{мен}}$ – ұңғыманың меншікті дебиті .

1.4.3 Қысымды қабаттар үшін рұқсат етілген төмендету келесі формула бойынша анықталады:

$$S^{\text{нт}} \leq H - [0,3m + \Delta H_{\text{н}} + \Delta H_{\text{ф}}] , \quad (1.22)$$

мұндағы H -ұңғымадағы судың статикалық деңгейі мен сулы қабаттың табаны арасындағы айырмашылық, $H=70\text{м}$;

m -сулы қабаттың қуаты, 19.4 м ;

ΔH_n -ұңғымадағы динамикалық деңгейге сорғыны (оның төменгі жиегін) батырудың максималды тереңдігі $\Delta H_n=5\text{м}$;

ΔH_ϕ - сүзгіге кіре берістегі қысымның жоғалуы (ұңғымада), $\Delta H_\phi=1,5\text{ м}$

Ара қатынасы сақталуы керек:

$$S_t \leq S^{HT}, \quad (1.23)$$

$$6.1 \leq 12.32. \quad (1.24)$$

1.4.4 Динамикалық деңгейдің есептік белгісі:

$$H_{\text{есеп дин}} = H_{\text{ст.}} + S_t = 5,8 + 6,1 = 11,9\text{м}, \quad (1.25)$$

мұндағы $H_{\text{ст.}}$ - ұңғымадағы судың статикалық деңгейінің белгісі, $H_{\text{ст.}}=5,8\text{м}$ (тапсырма бойынша)

1.5 Сүзгіні есептеу.

Сүзгінің өлшемдері су қоймасынан ұңғымаға түскен кезде судың рұқсат етілген қозғалыс жылдамдығын құру шарттарына сүйене отырып анықталады:

$$Q = F \cdot V_\phi, \quad (1.26)$$

$$471,421 = F \cdot 130, \quad (1.27)$$

$$F = 3,62\text{м}^2, \quad (1.28)$$

мұндағы Q - ұңғымадан алынатын судың максималды есептік шығыны, $\text{м}^3/\text{тәу}$;

F - сүзгі бетінің сүзгі аймағы, м^2 .

1.5.1 Рұқсат етілген сүзу жылдамдығы V_ϕ , $\text{м}/\text{тәу}$, келесі формулалар бойынша анықталады: тесік, саңылау, сым және тор сүзгілері үшін:

$$V_\phi = 65 \sqrt[3]{K_\phi} = 130 \text{ м}/\text{тәу}, \quad (1.29)$$

мұндағы $K\phi$ - фильтрация коэффициенті, м/тәу

1.5.2 Үлкен қуатты қабаттарда:

$$l\phi = \beta \cdot m = 0,5 \cdot 19,4 = 9,7 \text{ м}, \quad (1.30)$$

мұндағы $\beta=0,5$

1.5.3 Сүзгінің диаметрі мына формула бойынша анықталады:

$$D_{\phi} = \frac{F}{\pi \cdot l\phi} = \frac{3,62}{3,14 \cdot 9,7} = 0,118 \text{ м} = 118 \text{ мм}. \quad (1.31)$$

Сүзгінің диаметрі 300 мм-ден аспауы керек.

1.6 Құрама су таратқыштарды жобалау.

Су қабылдағышы ұңғымалардың желілік қатарын қарастырады.

Ұңғыманың әсер ету радиусы $R = 800$ м, содан кейін $l = 2r$ жағдайынан ұңғымалар арасындағы қашықтық 1600 м құрайды, біз мұндай Ұңғымаларды жалғыз деп есептейміз, ұңғымалар бір-бірімен өзара әрекеттеспейді.

Құрама су өткізгіштердің схемалары жоспарда өте алуан түрлі және су қабылдайтын ұңғымалардың орналасуы мен жабдықталуына, орналасуына және т.б. байланысты.

Бақылау жұмысында біз екі бағытта су өткізгіштердің сызықтық орналасуы бар ұңғымалардың сызықтық қатарын қабылдаймыз, өйткені олар тұтынушыларды сумен қамтамасыз етуде сенімді.

Құрама су өткізгіштердің диаметрлері су қозғалысының есептік жылдамдығы 100 – ден 160 мм - ге дейінгі диаметрлер үшін 0.7 м/с және диаметрі 160 мм-ден асатын диаметрлер үшін 1.0 м/с болатындай есеппен қабылданады.

Су жинау ұңғымаларының жалпы санынан шартты түрде резервті бөлеміз. ЕАВ.№ 2 , тазарту қондырғыларының торабына жақын орналасқан және бұл ұңғыма суды гидравликалық есептеуге қатыспайды.

Желінің барлық сақиналары мен түйіндері үшін сақиналы су желілерін есептеу келесі шарттарды қанағаттандыруы керек: әр түйінде шығындар балансы сақталуы керек (Кирхгофтың бірінші заңы); желінің сыртқы контурындағы әр сақинада қысымның жалпы жоғалуы нөлге тең болуы керек (Кирхгофтың екінші заңы).

1.7 Сорапты құрылғыны таңдау.

1.7.1 Әр ұңғыма үшін қажетті сорап арынын мына формула бойынша анықтаймыз:

$$H_{тр} = H_{г} + h_{су.сқ.} + h_{ұз.} + h_{ж}, \quad (1.32)$$

мұндағы $H_{г}$ – тазалау ғимараты мен судың ұңғымадағы динамикалық деңгейінің судың ағылу айырмашылығы ретінде келетін судың көтерілуінің геометриялық биіктігі;

$h_{су.сқ.}$ – сораптың су көтергіш құбырдағы арынның жоғалуы;

